

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТІ



Шымкент университетінің студенттеріне оқу төлемақысы бойынша жеңілдетулер
(жеңілдіктер) беру туралы
ЕРЕЖЕ

Шымкент 2010

Шымкент университетінің студенттеріне оқу төлемақысы бойынша жеңілдіктер беру туралы Ереже. – Шымкент: Шымкент университеті, 2010- 5 б.

Осы Ереже университеттің күндізгі оқу нысаны студенттеріне оқу төлемақысын төлеуге жеңілдіктер және басқа да жеңілдіктерді беру тәртібін реттейді.
Шымкент университетінің студенттеріне арналған.

Университеттің Ғылыми кеңесінде қаралып бекітілген (18 қыркүйек 2010 жыл, №2 хаттама)

1. Жалпы ережелер.

1. Шымкент университетінде (әрі қарай -ШУ), келісім шарт негізінде (әрі қарай - Ереже) жеңілдетулер (жеңілдіктер) беретін осы ереже оқуда немесе ғылыми жұмыста жоғары нәтижелерге жету үшін мотивациялауды күшейту, сонымен қатар, әлеуметтік қолдауға мұқтаждарға көмек көрсету мақсатында күндізгі, кешкі және сырттай оқыту нысандары студенттеріне оқу төлемақысы бойынша жеңілдетулер мен басқа да жеңілдіктер беру тәртібін реттейді.

2. Шымкент университетіндегі жеңілдету (жеңілдік) - осы Ережеге сәйкес білім беру қызметінің бағасының белгілі бір кезеңге төмендетілген сомасы, бұл білім алушының белгілі бір шарттарды орындаған жағдайда, демек білім беру қызметінің бағасын кеміту жолымен өзгерту үшін қажетті шарттар.

2. Оқу төлемақысы бойынша жеңілдетулер (жеңілдіктер) беру тәртібі.

3. ШУ-ң осы Ережесіне сәйкес келесі санаттағы жеңілдетулер (жеңілдіктер) беріледі:

- Бір жанұяда оқитын студенттердің әрқайсысына оқу төлемақысының 10 % - 15 % азайту жолымен жеңілдету (жеңілдік) беріледі;
- ата-анасының қамқорлығынан айрылған және тұл жетім студенттерге бүкіл оқу кезеңі мерзіміне 50% - 100% мөлшерінде жеңілдету (жеңілдік) беріледі.
- халықаралық, республикалық, Президенттік олимпиадалар және ғылыми жобалар конкурстары (бірінші, екінші, үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталғандар) жеңімпаздары таңдаған пәнінің олимпиада немесе конкурс пәніне сәйкес болған жағдайда, 30% - 50% жеңілдету (жеңілдік) беріледі.
- ШУ-ң штаттағы қызметкері болып табылатын студенттерге (еңбек шартнамасы бойынша ШУ-да 3 жылдан кем емес үздіксіз стажы болғанда), сонымен бірге ШУ қызметкерінің жақын туыстарына (бірге тұратын балаларына, әйеліне/күйеуіне, туған аға-інілеріне, әпке-қарындастарына) 50%-100% мөлшерінде жеңілдету (жеңілдік) беріледі. Университетпен еңбек шартнамасын тоқтатқан жағдайда, жеңілдету күшін жояды;
- медициналық сараптама шешімі бар студенттерге (бала кезден мүгедек) мына мөлшерде жеңілдету (жеңілдік) беріледі;
- III топ мүгедектеріне - 25%;
- II топ мүгедектеріне – 50 %;
- I топ мүгедектеріне - 100%;
- Көп балалы отбасынан шыққан студенттерге 30 % мөлшерінде жеңілдету (жеңілдік) беріледі;
- ата-аналары (занды өкілдері) I,II,III топ мүгедектері болған студенттерге 20 % мөлшерінде;
- Шымкент университетінде оқып жүрген мерзімде Қазақстанның чемпионы және жүлдегері, ҚР ЖОО-ы Спартакиадасының чемпионы және жүлдегері болған және ҚР-ның спорт шебері нормативін орындаған студенттерге бір оқу жылына 50% - 70% мөлшерінде жеңілдету (жеңілдік) беріледі;
- ҚР чемпионаттарының жүлдегерелері және ҚР спорт шеберлігіне кандидат нормативін орындаған студенттерге 50% мөлшерінде жеңілдету (жеңілдік) беріледі;
- ШУ командасы құрамында облыс чемпионы болған студент-спортшыларға, жарыстарды ұйымдастыру және өткізуге белсенді қатысатын, спорттық секцияларда ұдайы шұғылданатын студент-спортшыларға 30% - 50% мөлшерінде жеңілдету (жеңілдік) беріледі;
- ата-анасының біреуінен айрылған студентке жеңілдету (жеңілдік) беріледі. Жеңілдету (жеңілдік) мөлшері Ғылыми Кеңесте қаралады. Шымкент университетіне түскен «Авимед», «Авиценна» және «Көпсалалы колледж»

бітірушілеріне жеңілдету берілу туралы, жоғарыда аталған колледждермен меморандумға қол қою мәселесі қарастырылуда:

- озаттарға Ғылыми Кеңестің шешімімен;
 - жетімдерге 25% мөлшерінде.
4. Студент бірнеше санаттардан жеңілдетуге (жеңілдікке) үміткер құқығына ие болған жағдайда, оған ең көп мөлшердегі бір жеңілдету (жеңілдік) беріледі.
 5. Студент жеңілдету (жеңілдік) алу үшін төмендегі құжаттарды ұсынады:
 - ШУ ректорының атына өтініш (студенттің Т.А.Ж., тобы мекен-жайы, әлеуметтік жағдайы, сонымен бірге қосымша мәліметтер толық көрсетілуі қажет);
 - студенттің жеке куәлігінің нотариалды расталған көшірмесі;
 - ата-анасының (ата-анасының біреуінің) қайтыс болғандығы туралы куәлігінің нотариалды расталған көшірмесі;
 - ата-анасының (немесе ата-анасының біреуінің, немесе заңды өкілдің) жұмыс орнынан жалақысы туралы анықтама;
 - студенттің мүгедектігін растайтын анықтама;
 - ата-аналар, заңды өкіл (немесе солардан біреуі) үшін «жұмыссыз» мәртебесін растайтын, жұмыспен қамтамасыз ету саласының өкілетті органынан алынған анықтама;
 - жанұя құрамы туралы анықтама;
 - студентке қамқор болуға тіркелгендігі туралы атқарушы органнан (әкімшіліктен) анықтама;
 - сынақ кітапшасынан көшірме немес транскрипт;
 - жұмыс орнынан анықтама (ШУ қызметкері үшін), ШУ-да оқитын баланың туылуы туралы куәлігі (ШУ қызметкерінің бабалары үшін), неке туралы куәлік (ШУ қызметкерінің әйелі/күйеуі үшін), ХҚКО-нан мекен-жай анықтамасы (ШУ қызметкерінің туған аға-іні, әпке-қарындастары үшін);
 6. Студенттер тиісті құжаттарды жеңілдету (жеңілдік) санатының қажеттілігіне қарай ұсынады;
 7. Комиссияның талқылауына студенттік құжаттардың көшірмелерімен бірге құжаттардың түпнұсқалары ұсынылады;
 8. Қажет болған жағдайда комиссия басқа да қосымша құжаттарды сұратуға құқықты;
 9. Студенттің комиссия талқылауына ұсынылған құжаттар көшірмелері, түпнұсқалардан басқа, қайтарылмайды және арнайы бумаға салынып, деканатта сақталады;
 10. Студенттердің құжаттарын талқылау сәйкес мамандық бойынша факультет деканына жүктеледі, сонон соң ол басқа комиссия мүшелерінің танысуына ұсынады.
 11. Комиссия жиналысы бір жылда 2 рет семестр басында өткізіледі. Өтініш беру мерзімі: 1 қазанға дейін (I семестр), 1 ақпанға дейін (II семестр).